


Қабылданды

Педагогикалық кеңестің №1 шешімімен

26.08.2026 ж



Павлодар облысы білім беру басқармасының
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің
«Ақсу қаласының №24 сәбилербақшасы» КМҚК
жанындағы консультациялық пункт туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Отбасында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) үй жағдайында тәрбиеленіп жатқан мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларына, сондай-ақ басқа мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баратын балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) педагогикалық көмек көрсету пунктін құру және оның қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ереже Ақсу қаласы аумағында қолжетімді мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру шеңберінде азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже «Ақсу қаласының №24 сәбилер бақшасы» КМҚК үшін әзірленді.

II. Консультациялық пункттің мақсаты мен міндеттері

2.1. Консультациялық пункт мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын сақтау, үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың (занды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында құрылады.

2.2. Негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (занды өкілдерге) консультативтік көмек көрсету және олардың бала тәрбиесі, оқытуы мен дамуы мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;
- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) баланың мектепке бару кезінде тең бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге көмек көрсету;

- ата-аналарды (заңды өкілдерді) баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің мекемелері туралы ақпараттандыру.

III. Консультациялық пункт жұмысының ұйымдастыру қағидаттары

- **Құпиялылық қағидаты:** баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-аналардың келісімінсіз жария етілмейді;
- **Кешенділік қағидаты:** бала мен оның отбасымен жұмыс әртүрлі бейіндегі мамандар командасы арқылы жүзеге асырылады;
- **Ғылымилық қағидаты:** ұсынылатын ақпарат ғылыми негізделген және шынайы болуы тиіс;
- **Қолжетімділік қағидаты:** ата-аналарға арналған ақпарат артық кәсіби терминологиясыз, түсінікті түрде беріледі.

IV. Консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру

4.1. Мектепке дейінгі ұйым базасында консультациялық пункт білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде, қажетті санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған, кадрлық қамтамасыз ету және бағдарламалық-әдістемелік материалдар болған жағдайда ашылады.

4.2. Консультациялық пункт ұйым басшысының бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

4.3. Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалар мен олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тікелей жұмысты консультациялық пункт мамандары (логопед-мұғалім, педагог-психолог, тәрбиешілер және штат кестесіне сәйкес өзге де қызметкерлер) жүзеге асырады.

4.4. Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібіне сәйкес меңгеруші айқындайды.

4.5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі формалары:

- жеке және топтық консультациялар;
- дөңгелек үстелдер;
- көрнекі ақпараттық материалдарды ресімдеу.

V. Консультациялық пунктті басқару

5.1. Консультациялық пунктке жалпы басшылықты ұйым басшысы жүзеге асырады.

5.2. Ұйым басшысы:

- балалармен және ата-аналармен консультативтік жұмысты жүргізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;
- консультативтік-түзету жұмыстарын жүргізу үшін педагогтарды іріктейді.

VI. Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны

6.1. Консультациялық пункттегі психологиялық-педагогикалық көмек мектепке дейінгі ұйым мамандарының кіріктірілген қызметі негізінде ұйымдастырылады.

6.2. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультация бір немесе бірнеше маманның қатысуымен жүргізілуі мүмкін.

6.3. Консультациялық пункт жұмысына тартылатын мамандар саны ұйымның штат кестесіне сәйкес айқындалады.

6.4. Консультациялық пунктте ата-аналар үшін дәрістер, консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар, сондай-ақ ата-аналардың сұранысы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық тексерулер ұйымдастырылады.

6.5. Консультациялық қызметтер үшін ата-аналардан (занды өкілдерден) ақы алынбайды.

VII. Консультациялық пункттің құжаттамасы

7.1. Консультациялық пунктте консультация өткізуге жауапты барлық мамандар толтыратын келесі құжаттама жүргізіледі:

- үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пунктке жүгінген ата-аналарды (занды өкілдерді) тіркеу журналы.

VIII. Консультациялық пункт жұмысының тиімділігін бағалау

Консультациялық пункт жұмысының нәтижелілігін бағалау және анықтау әр кездесуден кейін ата-аналар тарапынан жүргізіледі.